

Лисаков қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 100 "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 440 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қазанда № 7231 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2- тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 100 "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6921 болып тіркелген, 2017 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2017 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лисаков қаласы әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Сұлтанов

Әкімдіктің

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын 2017 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі білім б е р у ұйымдарында ата-ананың бір ай дағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Дельфинчик" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	300	23240,83	3 жасқа дейін – 7 4 8 0 3 жастан бастап - 9240
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ивушка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	300	23240,83	3 жасқа дейін – 7 4 8 0 3 жастан бастап - 9240
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мұрагер" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	300	27466,11	3 жасқа дейін - 7 4 8 0 3 жастан бастап -9240
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	165	25154,04	3 жасқа дейін – 7 4 8 0 3 жастан бастап - 9240
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	300	23240,83	3 жасқа дейін – 7 4 8 0 3 жастан бастап - 9240
		Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Нұрлы Жол"			3 жасқа дейін – 7 4 8 0

6	Лисаков қаласы	бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	280	23240,83	3 жастан бастап - 9240
7	Лисаков қаласы	"Ясли-сад "Балақай" на 180 мест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	24474,91	3 жасқа дейін – 7 4 8 0 3 жастан бастап - 9240
8	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Красногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын шағын-орталық	25	10001,44	3 жастан бастап - 7700

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ